

Бекітемін:

Мектеп директоры: Ж. Нұрымбет



« Наурыз - думан »

Дайындаған: Абызова Гулзина

2021-2022 ж

Наурыз- думан

Мақсаты: Оқушыларға Қазақ халқының ұлы мерекесі Наурыз мейрамы жөнінде түсінік бере отырып, халқымыздың салт – дәстүрін бойларына дарыту арқылы, шынайылыққа, адамгершілікке, ұлт жандылыққа тәрбиелеу.

1-жүргізуші

Құрметті ұстаздар, қонақтар, ата-аналар! Ұлыстың Ұлы күні -Наурыз мейрамы құтты болсын. Наурыз -көнеден келе жатқан мейрам. Күні бүгінге дейін жер шарындағы көптеген халықтардың дәстүрлі мерекесіне айналған. Наурыз – бақтың бастамасы, жақсылықтың жаршысы, өмірге нұр сыйлаған , халық қастерлейтін күн.

2- жүргізуші

Уа, Халайық! Бұл Ұлыстың ұлы күні. Ақ түйенің қарны жарылған күн. Наурыз күн мен түннің теңелер мезгелі. Қар еріп жер жүзі көктеп, көгеріп, тіршілік атаулыға жан бітіп, жасаратын шақ.

Наурыз құтты болсын,

Дендеріміз сау мықты болсын!

Наурыз тойы келе берсін,

Барлық халық бақытты бола берсін,- деп, бүгінгі 5 «ә» сыныбында « Наурыз думан» атты тәрбие сағатымызға қош келдіңіздер.

1-жүргізуші

Құлақтан кіріп бойды алар,

Әсем ән мен тәтті күй.

Көңілге түрлі ой салар

Әнді сүйсен менше сүй – деп Абай атамыз жырлағандай ортаға Абдыш Бекжанның орындауында «Наурыз көктем» әнін тамашалаңыздар. ✓

Эдилхан Санжар

Наурыз менің елімнің берекесі,

Жаңа жылы қазақтың мерекесі.

Шаңырағы биіктеп күнге жақын,

Ұлаңғайыр керілсін керегесі.

Қымбат білген адамға сөз өнері,

Бұрқ-сарқ етіп қайнасын көжелері.

Жаңа жылда елімнің көркі өсіп,

Гүлге толсын көгеріп көшелері.

Борашова Арайлым

Өлкеме Наурыз келді, көктем келді,

Құлпырып гүлге орап көк пен жерді

Халқымның салт-дәстүрін аялаған

Арманы асқақтады көптен бері

Жаңартып сана, салтымды,

Қуантқан барша халқымды.

Наурыз тойы-ел тойы,

Ғасырдан асыр даңқыңды.

Дарханбай Қаркөзайым

Елім менен жеріме

Ырысын шашқан Наурыз

Күлімдеген көктемге,

Шуағын шашқан наурыз

Жеті түрлі дән салып,

Дәм татқызған наурыз

Жақсылық тілеп халыққа,

Молшылық әкелсін наурыз.

Дарханбай Досымжан

Наурыз келді, көктем келді ағайын,

Жадырайды, жаңғырады маңайым.

Назды, сазды науан Наурыз, армысың?

Сұлу мүсін саған біткен бар мүсін.

Қайнарындай қалың қуат, қайраттың,

Сен келдің де ғаламшарды жайнаттың.

Тіршілікке тіл бітіріп өзгеше,

Дүниенің бұлбұлдарын сайраттың. ✓

2- жүргізуші

Тарт күйінді, домбыра!

Төгіл, төгіл тәтті күй

Тәжібай Сержанның «Той бастар» күйімен қабыл алыңыздар ✓

Жұматай Санжар ✓

Шат күлкіге шомылып замандары,
Бақыт кешсін ғайыптан адамдары.
Әрбір жанның арманы орындалып,
Сәтті болсын биылғы қадамдары.

Ел-жұртымның тілеуін тілесейік,
Жаңа жылда қалайық бір есейіп.

Закария Нұрасыл ✓

Қырға көшіп келеді елім менің,
Малын жайып, салатын төріне егін
Наурыз туып, жан бітті дүниеге
Жасыл нұрға малынып төңірегім

Сайлау Жеңіс ✓

Келді мейрам қазағымның төріне,
Жыл басталып, нұр ойнайды көгімде.
Жер құлпырып, жасыл желек жамылып,
Нұрын төгіп самалы, есіп өтер жерімде.

Жаңа нұр, наурыз атты мерекеміз.
Құт боп кірер, әр үйге берекеміз.
Тілеймін, ұзақ ғұмыр, бақытты күн,
Құтты болсын ағайын мерекеміз, ✓

Есей Ақылбек ✓

Ақыл-ойдың зерегінен жаралып,
Салт-дәстүрдің тереңінен нәр алып,
Наурыз келді! Наурыз келді, жарандар,
Бойға қанмен намыс болып таралып.
Кездер болды ел шаттығын бұқтырған...
Кездер болды жанарларға шық тұнған.
Сондадағы наурыzkөже пісіріп,
Әр шаңырақ көңіл-күйін ұқтырған.

Қыс - кәрілік, көктем мына - жастығым,
Деп тұрғандай құшақты кең аш бүгін!

1-жүргізуші

Үкілі кәмшат, бүрмелі көйлек.

Тұрғандай өзі, кимылсыз билеп,

Иықтан шашып, төгіліп жерге,

Күмісті шашбау, жарасып белге, - деп мың бұралған бишілерімізге береміз ✓

2-жүргізуші

Әндер, әндер! Үш әуемде,

Үш көгімде, күллі әлемде,

Көктем келсе гүл боп елге

Менде бүгін түрленемін,- ән Закари Нұрсұлтанның орындауында «Беу айдай» ✓

Рашид Каусар ✓

Наурызбенен бірге келіп қуаныш,
Қабағымнан қармен бірге қашты мұн.
Қатар келді жаңару мен жасару,
Төрлет, Наурыз, төңіректі жаса ду.
Қариялар бір серпіліп қалсыншы,
Табыссыншы бозбала мен жас ару.
Сыйлап бізге татулық пен тыныштық,
Наурыз келді! Жүрген жері ырыс-құт!
Бабалардың аманаты болған соң,
Наурыз менің жүрегіме тым ыстык!!!

Дүйшембай Нұрмұхаммед ✓

Келдің бе, Әз Наурызым – Жаңа күнім!
Оятып бәйшешекті – дала күн.
Көп болса қандай жақсы болар еді,
Жүректі жадыратар жаңалығың.

Әз Наурыз келген болсаң төкші нұрды,
Естіртпе сен әзірше әнді мұнды.
Бағзыдан әдетіміз бойға сіңген,
Күтетін зор үміттен Жаңа жылды.

Мұратсалы Ернұр

Қош келдің, Наурызым төрлет бері,
Қыр төсін жауқазындай өрнектеді.
Тіршілік тамырына нәр жүгіріп,
Жадырады адамдардың келбеттері.

Сапаралы Шалқар

Наурызда жарқылдаған жасын от бар,
Адамдар құлай сүйген қасиет бар.
Ұлтымның дәстүрсалтын жарқыратқан
Жырында жүрек тербер өсиет бар.
Тасты еміп, қайнап жатқан бұлағы бал,
наурыздың құшағында шуағы бар.
Сән беріп шаттығым ақ шұғыла,
Мерейін елдің асқақ куә қылар.
Гүлге орап, жасандырып жусан белін,
Актарған арындатып думан селін.
Сіңірген халық салтын қанымызға,
Мейрамның құтты болсын, туған елім

1-жүргізуші

Нағыз қазақ қазақ емес

Нағыз қазақ домбыра демекші

Тәжібай Сержанның орындауында «Қыз ақжелең» күйін қабыл алыңыздар ✓

2-жүргізуші

Біз қазақ халқы әулет дәстүрін кастерлеп, дәстүрлік мұраларды насихаттап жүрген халықпыз.

Дәстүрдің озығы бар, жазығы бар,

Өткеннен бізге жеткен асылы бар.

Сәбидің кейбір кезін қызықтайтын,

Қазақта «Тұсау кесер» рәсімі бар. ✓

1-жүргізуші

Тұсау кесу дегеніміз 1 жасқа толып, еркін жүре бастаған балбөбектің басқан қадамы құтты болып, одан әрі жаны жамандық көрмей, жүріп кетуіне тілек білдіретін салт.

Күлгенің де той сенің,

Жүргенің де той сенің.

Қызықтасын халайық,
Тұсау кескен бұл күнің
Есте қалсын, жарқыным.

2-жүргізуші

Әлбетте, баланың тұсауы ала жіппен, қойдың майлы шегімен немесе өрілген көк шөппен кесіледі: Ала жіп ақтық пен адалдыққа жол ашады, майлы шөк байлыққа, тоқтыққа жетелейді, көк шөп көбеюге, өсуге, өнуге шақырады.

Бүгінгі күні Қарлығаш ананың қызы Зеренің «Тұсау кесер» тойын Ұлыстың ұлы күні наурыз мерекесімен тұтастырып, қалың жұрттан бата алу мақсатында осы жерде «Тұсау кесер» тойын өткізбекші.

Қарлыға мамасы:

Қызым Аружан жер-Анаға алғаш аяқ басып, үлкен өмір көшіне ермек, із тастамақ. Сол құлынымның тұсауын кесуге өзімнің аяғы жеңіл, жүрісі шапшаң, ақкөңіл, елімізге сыйы, ардақты ана, сүйікті әже, Ұлжалғас апайына қызымның тұсауын кестіремін. ✓

Ал, келін балам, кішкентай Аружанды ортаға әкеліп, Ұлжалғас апайына табыс ет.

(Осы кезде ақ жайма жайылып, тұсау кесуге қажетті заттар ортаға қойылады.) ✓

Келін бала:

(баланы көтеріп келе жатып айтатын өлеңі:)

Тәй-тәй балам, тәй балам,
Шақырып тұр айналаң,
Жүруге алғаш талпындық
Құтақандай жан балам

1-жүргізуші

Қарлығаш ананың қызы Зеренің «Тұсау кесер» тойының құрметіне ән-шашу арнаймыз

Ән Улқман Садудың орындауында «Қош келдің өз-Наурыз» ✓

2-жүргізуші

Тойла бүгін тауларым мен боз далам
Тойла бүгін қарттарым мен бозбалам
Мерке боп келген бүгін Наурызым
Берке бол еш кашанда тозбаған
Бүгінгі « Наурыз -думан» атты көктем мерекесіне арналған тәрбие сағатымыз аяқталды. Қош сау болыңыздар.